

**1998 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерін орналастыру және оларға қызмет көрсету шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 22 мамырдағы N 490 Қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1998 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерін орналастыру және оларға қызмет көрсету шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Анатолий Владимирович Смирновқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1998 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерін орналастыру және оларға қызмет көрсету шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2008 жылғы	22 мамырдағы
N 490	қаулысымен
мақұлданған	
жоба	

**1998 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы**

**және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы  
дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерін  
орналастыру және оларға қызмет көрсету шарттары туралы  
келісімге өзгерістер енгізу туралы  
хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей  
Федерациясының Үкіметі,

1998 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей  
Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Ресей  
Федерациясындағы және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы  
дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерін орналастыру және оларға  
қызмет көрсету шарттары туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерістерді  
енгізуге келісті:

1. 1-баптың 2-тармағында:

а) "15000 шаршы метр" деген сөздер "16400 шаршы метр" деген сөздермен  
ауыстырылсын;

б) "Заречное" (бұрынғы "Буревестник" еңбек және демалыс лагері) поселкесінде"  
деген сөздер "Ақыртас көшесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) "20000 шаршы метр" деген сөздер "21400 шаршы метр" деген сөздермен  
ауыстырылсын.

2. Келісімге N 3 қосымшадағы "1,5 га" деген сөздер "1,64 га" деген сөздермен  
ауыстырылсын.

3. Келісімге N 4 қосымша осы Хаттамаға қосымшамен ауыстырылсын.

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік  
рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық  
арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама өзінің қолданылуын Келісімнің қолданылуы тоқтатылғанмен бір  
мезгілде тоқтатады.

2008 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс  
тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының  
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

1998 жылғы 12 қазандағы Қазақстан  
Республикасының Үкіметі мен  
Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы Қазақстан Республикасының  
Ресей Федерациясындағы және Ресей

Федерациясының Қазақстан Республикасындағы  
дипломатиялық өкілдіктері мен  
консулдық мекемелерін орналастыру және  
оларға қызмет көрсету шарттары  
туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы  
хаттамаға қосымша  
"N 4 қосымша

## **Ресей Федерациясы Елшісі Резиденциясының құрылысына арналған жер учаскесі орналасуының ахуалдық жоспары**

**суретті қағаз мәтінінен қараңыз**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК